

ХАТТАМА

№ 4

Қостанай қ.
2025 ж. 18.11.

ПРОТОКОЛ

№ 4

г. Костанай
18.11.2025 г.

Қатысушылар:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының (бұдан әрі - Академия) бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция генерал-майоры А.Д. Дәрменов (Ғылыми кеңестің төрағасы);
2. Академия бастығының орынбасары, полиция полковнигі Е.С. Ахметов (Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары);
3. Академия Ғылыми кеңесінің Ғылыми хатшысының міндетін атқарушы, философия ғылымдарының докторы (PhD), полиция капитаны С.С. Бримжанова;
4. Жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Б.А. Нуркина;
5. Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Е.С. Акимжанов;
6. Оқу-әдістемелік орталығының бастығы, полиция подполковнигі А.Н. Медведева;
7. Әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.С. Смышляев;
8. Әкімшілік – құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, полиция полковнигі К.Е. Жұматов;
9. Жедел-іздістіру қызметі кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі А.Р. Баргаринов;
10. Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Н.А. Тулкинбаев;
11. Дене шынықтыру даярлығы кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі М.Б. Абдрахманов;
12. Қылмыстық-атқару құқығы кафедрасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі А.А. Конвисарь;
13. Жалпы заң пәндері кафедрасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі А.Б. Ақылбекова;
14. Педагогика және психология кафедрасы бастығының міндетін атқарушы, полиция подполковнигі Ж.М. Руденко;
15. Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы бастығының орынбасары, философия ғылымдарының докторы (PhD), полиция подполковнигі А.Б. Базарбаева;

16. Жалпы заң пәндері кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Т. Құлжанова;

17. Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты А.В. Брылевский;

18. Академияның докторанты, полиция капитаны Д.К. Темирканова;

19. Академияның магистранты, полиция аға лейтенанты Ж.Г. Қалжан;

20. Академияның үшінші курс курсанты, полиция қатарындағы Т.Б. Алашбаев.

Қатыспағандар:

1. Қосымша білім беру факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), доцент, полиция подполковнигі Д. Қалқаманұл - демалыс;

Шақырылғандар:

1. Академия бастығының орынбасары, философия ғылымдарының докторы (PhD), доцент, полиция полковнигі М.Р. Муканов.

Отырысты Академия бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция генерал-майоры (Ғылыми кеңестің төрағасы) А.Д. Дәрменов жүргізді;

А.Д. Дәрменов., кворумды анықтайды (ғылыми хатшы, полиция капитаны С.С. Бримжанованың баяндамасы).

С.С. Бримжанова: Бүгінгі күні тізімде 21 адам бар, олардың 20-сы қатысуда (біреуі демалыста). Сондықтан кворумға қол жеткізілді.

Келесілер тексерілуде:

- қатысу парағының болуы (бар, қатысушылардың барлығы қол қойған);
- Ғылыми кеңестің қарар жобаларының болуы (ұсынылған);
- Ғылыми кеңес материалдары (барлығына қолжетімді);
- отырыстың мерзімі мен форматы жарияланды.

Күн тәртібі жарияланды (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері күн тәртібімен танысты):

«Жоғары оқу орының үздік оқытушысы» республикалық байқауына қатысуға үміткерлерді ұсыну бойынша

Тыңдалды: А.Н. Медведева қатысушыларға «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің» 2025 жылғы 16 қазандағы № 14-14-1-1/6462-І хатына сәйкес Академияда «Жоғары оқу орының үздік оқытушысы» Академияда байқауының 1-кезеңі өткенін хабарлады.

2025 жылдың 3 қарашасындағы жағдай бойынша «Жоғары оқу орының үздік оқытушысы» байқауының бірінші кезеңіне қатысуға келесі үміткерлерден сегіз етінім келіп түсті:

- Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция капитаны Сәуле Серікқызы Бримжанова;

- Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Аида Батырбекқызы Базарбаева;

- Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Ольга Николаевна Евдокимова;

- Әскери және тактика - арнайы даярлық кафедрасының доценті, полиция подполковнигі Алена Святославовна Полухова;

- Әкімшілік және құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі Азамат Еркенұлы Мукажанов;

- Жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі Айжан Бақытханқызы Бузаканова;

- Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны Ерден Жанбрбайұлы Толықпаев;

- Жедел-тергеу қызметі кафедрасының оқытушысы, философия докторы (PhD), полиция майоры Ришат Талғатұлы Абенов.

Алайда, полиция капитаны С.С. Бримжанова басқа лауазымға (Академияның Ғылыми кеңесінің академиялық хатшысының міндетін атқарушы) тағайындалды, сондықтан оның кандидатурасы байқаудан алынып тасталды, себебі байқауға қатысушы штаттық Академия оқытушысы болуы керек (ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 16 наурыздағы №124 «Үздік университет оқытушысы» атағын беру ережесін бекіту туралы» бұйрығының 5-тармағының 1-тармағы).

Академия басшысының 2025 жылғы 28 қазандағы №161 бұйрығымен байқау комиссиясы құрылды, сараптамалық топтың құрамы анықталды, сондай-ақ апелляциялық комиссия да құрылды (Академия басшысының 2025 жылғы 28 қазандағы №162 бұйрығы). Материалдарды тіркеу және жүктеу осы жылдың 3 қарашасы мен 17 қарашасы аралығында жүргізілді.

17 қарашада Академия бастығының орынбасары, полиция подполковнигі М.С. Мурзагалиевтің басшылығымен, комитет мүшелерімен және сарапшылар тобымен бірге іріктеу комиссиясының отырысы өтті. Сондай-ақ оқу-әдістемелік кеңестің отырысы өтті. Отырыс нәтижелері бойынша келесі шешім қабылданды.

Байқау комиссиясының хаттамасы мен Ғылыми-әдістемелік кеңестің 17 қарашадағы шешімі негізінде «Жоғары оқу орының үздік оқытушысы» байқауының республикалық кезеңіне дауыс беруге ең жоғары балл жинаған келесі кандидаттар ұсынылады:

- Әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі Азамат Еркенұлы Мұқажанов (28,5 балл);

- Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Ольга Николаевна Евдокимова (28 балл).

СӨЙЛЕУШІЛЕР: А.Д. Дәрменов: Әріптестер, қандай да бір ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Кандидаттардың профильдері барлық талаптарға сай келе ме?

А.Н. Медведева: Иә, бұл кандидаттар Академияның штаттық оқытушылары болып табылады, олар кемінде бес жыл үздіксіз ғылыми-зерттеу және оқытушылық тәжірибесіне ие. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі берген квотаға сәйкес, Академия ең жоғары балл жинаған екі кандидатты ұсына алады.

СӨЙЛЕУШІЛЕР: А.Д. Дәрменов: Әріптестер, осы мәселе бойынша тағы да пікірлеріңіз бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге көшуді сұраймын.

А.Д. Дәрменов дауысқа салады: «қолдаймын» 20, «қарсымын» «қалыс қалдым» - 0,0,

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Жоғары оқу орының үздік оқытушысы» байқауының республикалық кезеңіне қатысу үшін келесі үміткерлер ұсынылсын:
 - Әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі А.Е. Мұқажанов;
 - Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты О.Н. Евдокимова.
3. Оқу-әдістемелік орталықтың қызметкерлерін марапаттау туралы бұйрығын дайындасын.

Жауапты: А.Н. Медведева, мерзімі: 2025 жылғы 15 желтоқсан.

Тыңдалды: А.Д. Дәрменова: Құрметті әріптестер, біз отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарастырдық. Сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз немесе толықтыруларыңыз бар ма? Егер толықтырулар болмаса, Ғылыми кеңестің отырысын жабық деп жариялаймын.

**Академияның Ғылыми кеңесінің төрағасы,
заң ғылымдарының кандидаты, профессор,
полиция генерал-майоры**



А.Д. Дарменов

**Академияның академиялық хатшысының
міндетін атқарушы,
философия ғылымдарының докторы (PhD),
полиция капитаны**



С.С. Бримжанова